

16. Нурулла-Ходжаева Н. Традиция и община в Таджикистане //Вестник Таджикского технического университета. – 2013. - № 1(21). – С. 136-138. - Электронный ресурс. - URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=19424343>

17. Макинтайр А. После добродетели: исследование теории морали. – М: Академический проект, Екатеринбург, 2000. - 384 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шотбай Е.Н., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Шотбақова Л.К.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Дүниежүзіндегі қандай да бір мемлекетті алып қарастырсақ, оның сыртқы саясатын жүргізуі көптеген факторлерге байланысты. Ал осы факторлердің ең алғашқысы ретінде әрқашанда географиялық фактор болып табылады. Қазақстан Республикасының егемендігін алғанына отыз жыл болды. Сыртқы саясаттың маңызды бағыттарының бірі азиялық вектор болды және солай болып қала береді. Мұндағы ең маңыздыларының бірі-Қытаймен қарым-қатынас. Олар барлық бағыттар бойынша дамуда, оның ішінде әлеуметтік және мәдени салалардағы ынтымақтастық маңызды орын алады. Осы мақалада біз тек қана гуманитарлық және мәдениет саласындағы қарым-қатынастағы кейбір мәселелерге тоқталамыз.

КСРО ыдырап, Қазақстан Республикасының егемендігін алғашқы болып таныған мемлекеттердің бірі – Қытай Халық Республикасы. 1992 жылы 3 қаңтарда Алматыда Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының сыртқы істер өкілдері Тянь Цзэнпэй мен Т. Сүлейменов халықаралық ережеге сай «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас орнату туралы Бірлескен Коммюникеге» қол қойды[1].

1992 жылы тамыз айында Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасында мәдениет саласы бойынша келісімшартқа қол қойылған «Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қытай Халық Республикасы үкіметі мәдениет ынтымақтастық шарты» мен 1993 жылғы 18 қазан айында қол қойылған «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық өзара қарым-қатынастардың негіздері туралы Бірлескен Декларацияның» мәдени байланыстарына арналған 7 тармағында: «Тараптар мәдениет, білім, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға әзір екендіктерін білдіреді. Осы мақсаттарда тараптар екі мемлекеттің мәдениет ұйымдарының арасындағы тікелей байланыстарды және әдебиет пен өнер қайраткерлерімен арасындағы тәжірибені алмасуды көтермелейтін болады.

Тараптар екі елдің жоғары оқу орындары екі елдің тілдерін үйренуде, мұғалімдермен және студенттермен алмасуда бір-бірімен байланыстар орнатып, қатынасып тұруға және ынтымақтасуға тиіс»[2] - деп жазылған.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени саладағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын қарастыратын болсақ, онда бұл ең алдымен екі елдің аумағында ресми мәдени іс-шараларды кезең-кезеңімен өткізу және мәдени-білім беру орталықтарын ұйымдастыру болып табылады.

Екі мемлекет арасындағы гуманитарлық қарым-қатынасты орнатудың ең маңызды элементтерінің бірі – ресми мәдени-гуманитарлық іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Мәдени іс-шаралар халықтың қалың жігі үшін түрлі қырынан халықтардың мұрасын ашады, оның әртүрлілігі мен өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Әр іс-шара көршісіне деген қызығушылықты тереңдетеді, сауда-экономикалық, туристік және кең ауқымды өзара іс-қимылды дамыту үшін жаңа перспективаларды көрсетеді. Бұл тұрғыда ең маңыздысы-мәдени күндер. Мәдениет күндерін өткізубұл байланыстарды кеңейтуге және тереңдетуге өнер салаларында тамаша мүмкіндік туындайды.

Алғашқы Қытайда Қазақстанның Мәдениет күндерін ұйымдастыру 2001 жылы Бейжіңдегі "Цзиньтай" мұражайында Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің ауқымды көрмесінен басталды. Сонымен бірге Қазақстан апталығы аясында «Три брата», «Қыз Жібек», «Казнь» сияқты ұлттық фильмдер көрсетілді.

Келесі жылы Қытайдың Қазақстандағы мәдениет күндері өтті. Мәдениет күндері аясында Алматыда әйгілі Шанхай циркінің тұсаукесері өтті [3].

Мәдени алмасудың келесі кезеңі 2006-2007 жылдары болды. 2006 жылы Қазақстанда Қытай мәдениет күндері өтті, ал 2007 жылы - Қытайда Қазақстан мәдениетінің жауапты күндері.

2006 жылдың қыркүйегінде Алматыда Цзиндэчжэнь Цзяньси провинциясының "Қытайдың таңғажайып фарфорының сүйкімділігі" атты қытай фарфоры мен керамика бұйымдарының экспозициясы ашылды [4]. Ал Қытай Ұлттық музейінде Қазақстанның «Алтын адам» және өзге де қымбат бағалы бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. 400-ден астам алтын және күміс заттар қойылды. Зергерлік бұйымдар қытайларды скиф-сақ мәдениетімен б. з. д. V-IV ғғ. кейбір экспонаттарымен таныстырды. Сондай-ақ, Бейжің жұртшылығына өз шеберлігін «Астана балет» ұжымы көрсетті.

Келесі қытай мәдениетінің жауапты күндері Қазақстанда 2014 жылы өткен болатын. Сол кезде айтылған сөздерінің бірінде Бірінші Президент Н.А. Назарбаев былай деген: «Осындай гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін, осы сынды бағдарламаларды жалғастыруымыз керек» [5]. Екі елдің басшылығы мұндай іс-шаралар екі халықтың өзара түсіністігі мен достығын тереңдетуге ықпал етеді деген сенімде. Мәдениет күндері сөзсіз екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізеді, алайда мұндай іс-шаралар сирек өткізіледі.

Қытай мәдениеті мен тілін бүкіл әлемде ілгерілетудің негізгі құрылымның бірі болып Конфуций Институттары (Confucius Institute) табылады. Бұл мәдениет пен білім беру орталықтарының халықаралық ресми желісі, Қытайдың білім беру министрлігімен құрылған және қытай тілін әлемге таратумен айналысады. Конфуций институттары ұйымының негізгі мақсаты – бүкіл әлемде қытай мәдениетін түсінуге жәрдемдесу, сондай-ақ, Қытайдың басқа елдермен достық қарым-қатынасын дамыту. Бүгінгі таңда әлемде Конфуцийдің 300-ден астам институты бар, олардың саны жыл сайын артып келеді.

Қазақстанда қазір Конфуцийдің төрт институты жұмыс істейді: Астана, Алматы, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында. Конфуцийдің еліміздегі алғашқы институты 2007 жылы Астанада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті қарамағында ашылды. 2009 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық университетінің қарамағында (қытайлық серіктес ЖОО – Ланьчжоу университеті). 2011 ж. Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында (қытайлық серіктес ЖОО – Шыңжаң экономика және қаржы университеті). 2012 жылы Қарағанды қаласындағы Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде (қазіргі таңдағы Қарағанды техникалық университеті, қытайлық серіктес ЖОО – Шихэцзы университеті) Конфуций институты тұсауын кесті [6]. Институттардың қызметінің негізгі бағыттары: қытай тілінің әртүрлі курстарын ұйымдастыру, Қытай тақырыбындағы ғылыми конференциялар мен семинарлар, қытай тілін меңгергенін тексеру үшін тест тапсыруды ұйымдастыру (HSK), қытай тілі мен мәдениетіне қызығушылықты арттыратын түрлі конкурстар мен салтанатты іс-шараларды ұйымдастыру, студенттер мен оқытушыларды тағылымдамаға жіберу, тілді меңгеру деңгейін арттыру және кәсіби дағдылардың өсуін, әдебиеттермен қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа басылымдарды дайындау. Конфуций институттарының жұмысының арқасында қытай тілін үйренуге және мәдениетінің барлық аспектілерін меңгеруге қол жеткізуге болады.

Конфуций институттарынан басқа, қытай тілі көптеген жоғары оқу орындарында оқытылады. Сонымен бірге Қазақстанда түрлі коммерциялық курстар бар. Қытай тілінің танымалдығы күн сайын өсіп келеді, бұл қытайлық компанияларда жұмысқа орналасу перспективаларына байланысты.

Қытайдағы қазақстандық білім беру бағдарламаларының жағдайы әлдеқайда қарапайым. Қазақстанда Конфуций институты сияқты Қытайда орналасқан қазақстандық ресми мамандандырылған тілдік институттар жоқ, қазақ мәдениеті мен тілін үйренгісі келетіндерге арналған бағдарламалар іске асырылмаған. Бұл факт Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі салыстырмалы түрде жас болуымен түсіндіріледі.

Қазақ тілі мен мәдениетін меңгеретін жетекші орталық Бейжіңде орналасқан Орталық Халықтар университеті болып табылады. Университетте қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жұмыс жасайды. Сондай-ақ Шыңжаң университеті мен Іле педагогикалық университетінде қазақ тілі мамандығы бар. Соңғы екі ЖОО ШҰАА (Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы) аумағында орналасқан, қазақ диаспорасының көптеп шоғырланған жері. Аталған аумақта қазақ мектептері де бар, қазақ тілі мен әдебиетін балалар ана тілі ретінде оқиды. Алайда, іс жүзінде барлық басқа пәндер қытай тілінде оқытылады, өйткені болашақта түлектер қарапайым қытай университеттеріне оқуға түседі.

Мәдени салада атқарылған жұмыстардың арқасында қазақ жастардың ҚХР-ның жоғарғы оқу орындарында тегін білім алуға мүмкіндігі туындады. Мәселен, 2018-2019 оқу жылында, ҚХР-ның жоғарғы оқу орындарында Қазақстан азаматтарына 125 білім грант бөлінген. Алдағы 5 жылда Қытай Қазақстан азаматтарына берілетін грант санын 200-ге дейін арттырады. Қазіргі таңда Қытай елінде 14

мыңға жуық отандасымыз білім алады, оның ішінде 1100-і грант иегерлері екен. Осы жылдары Қазақстанның әр қаласынан жиналған оқушылар Қытайда жазғы демалысқа барып, осылайша Қытай халқының тұрмысымен, мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды. Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Павлодар қаласынан келген жасөспірімдер Үрімші, Бейжің, Харбин қалаларында болып, жергілікті мәдениетпен танысып, оқу орындарын аралап өз құрдастарымен қарым-қатынасты орнатты.

Жалпы Қытайдың Білім министрлігі 2014 жылдан бері ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің оқушыларын жазғы лагерьге шақырып келеді [7]. Қазақстан мен Қытай арасындағы үкіметаралық келісімнің негізінде жыл сайын студенттер алмасу жүзеге асырылуда. Екі ел жоғары оқу орындары арасында да тікелей байланыстар орнатылған.

Қазақстан Республика мен Қытай Халық Республика арасындағы ынтымақтастық байланысы Білім және Ғылым министрлігімен шектеліп қалмайды. Covid-2019 немесе коронавирус кезінде Қазақстанға келген гуманитарлық көмектің шамамен 8/10 бөлігі Қытай елінен келіп жеткен. Алғашқы болып, Шыңжаң жерінен 50 мың бетперде жіберілді.

2020 жылдың 2 сәуір күні Қазақстанға ҚХР-ның 500 кг гуманитарлық көмегі келіп жетті. Көп ұзамай вируспен күресу мақсатында, Қытай дәрігерлері Нұрсұлтан қаласында жағдайды байқап, дертпен күресу жолдарымен бөлісті. Делегация құрамында пульмонология, инфекция, шұғыл терапия, эпидемиология, қоғамдық денсаулық сақтау және т.б. сала мамандары болды. Олар коронавирустың алдын алу және емдеу, жұқтырғандарды анықтау және оларды оқшаулау, зерттеу және диагностика әдістері, сондай-ақ медицина қызметкерлеріне жұқтырудың алдын алу ережелеріне қатысты өз тәжірибесімен бөлісті. 15 сәуір айында Шыңжаң дәрігерлері Қарағандыға, содан кейін Алматыға барды. 24 сәуір күні Қазақстанға 1200 кг болатын екінші гуманитарлық көмегі әкелінді. Оған медициналық бетперделер мен қолғаптар, қорғаныс костюмдері мен термометрлер кірді [8].

Қаржылық көлемде айтар болсақ, Қазақстан Республикасы 2020 жылы 19,1 миллион АҚШ доллары көлемінде гуманитарлық көмек қабылдаған екен. \$6,5 млн – көлік пен жабдықтармен қамтамасыз етілсе, \$5,9 млн – киім мен аяқ киіммен қамтамасыз етілген. Бұл ретте дәрі-дәрмек түріндегі гуманитарлық көмек көлемі \$1,7 млн көрсеткішіне жетті. Гуманитарлық көмектің ең үлкен көлемі 2020 жылы Қазақстанға Қытай тарапынан жіберілген: шамамен \$10 млн-ға бағыттады, бұл барлық көлемнің жартысынан астамын құрады [9].

Әлемдік жаһандану қарсаңында, мемлекеттің қарқынды дамуының бірден бір жолы – сыртқы саясатын орнату. Қытай Халық Республикасы әлемнің алдыңғы қатарлы державаларының бірі болса, Қазақстан Қытай мемлекетіне стратегиялық тұрғыда тиімді серіктес. Пекин мен Ақорда арасындағы қарым-қатынас негізінен саяси және экономикалық бағытта екеніне күмән келтіруге болмайды. Алайда, екі мемлекет арасындағы әлеуметтік іс-шаралар және мәдениет саласындағы ынтымақтастығы берік және де жылдан жылға қарқынды дамуда.

Жалпы, Қытай Халық Республика мен Қазақстан Республикасы арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық айтарлықтай жоғары деңгейде, барлық бағыттар бойынша белсенді дамып келеді. Әрине Қытай жағында кейбір артықшылықтар бар, әсіресе білім беру секторы мен туризмде, бірақ Қазақстан басшылығы дисбалансты азайту үшін жұмыс жасауда. Және де соңғы жылы әлемде болып жатқан үлкен қиындық кезінде бұл екі мемлекеттің бір-біріне жәрдем көрсетуі – осыған дәлел.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Токаев К.-Ж.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. Алматы: АО «САК», 2003 – 339 с.
2. ҚР мен ҚХР арасындағы бірлескен Декларациялар // <http://www.russin.peopledaily.com.cn/05/06/2003>.
3. Казахстанская правда. - 2002. – 25 апреля.
4. http://www.mki.gov.kz/rus/press-sluzhba/novosti_ministerstva/?cid=0&rid=1762.
5. <http://www.zonakz.net/ articles/ 73609>.
6. <https://www.kaznu.kz/ru/14355/page>.
7. <https://www.zakon.kz/>.
8. <https://turkystan.kz/ 24/04/2020>.
9. Kazakhstan today ақпараттық порталы 11/04/2021.